

№28 мектеп-гимназиясы
«Оқуға құштар мектеп»
жобасы аясында
«Бір ел - бір кітап»
Акциясы

Тақырыбы: Қазақстан еңбек сіңірген Қайраткері Төлен Әбдікұлы

Күні: 16.05.2023ж

Көрнекілігі: Кітап көрмесі

Түрі: Акция Бүктеме тарату

Қатысқандар: 8«А» сыныбы

Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік туындыларды оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беруге бағытталған. Сонымен қатар, акция қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарылатуына мүмкіндік туғызады.

2023 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің шығармаларын оқуға ұсынылды.

«Бір ел - бір кітап» республикалық акциясы елімізде 2007 жылдан бастап ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық Кітапханасы мен ҚР кітапханалар қауымдастығының бастамасымен өткізіліп келеді.

Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік туындыларды оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беруге бағытталған. Сонымен қатар, акция қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарылатуына мүмкіндік туғызады.

2023 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің шығармаларын оқуға ұсынылды.

Төлен Әбдік - қазақ прозасында ерекше қолтаңбасы бар қаламгер. Тұңғыш рет 1969 жылы «Көкжиек» әңгімелер жинағы жарық көріп, қазақ әдебиетіне философиялық проза жанрын ала келген белгілі жазушы ретінде танымал. Ол 1942 жылы 4 қыркүйекте Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Еңбек ауылында дүниеге келген. Төлен Әбдік 1965 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Шығармалары 1964 жылдан бастап түрлі газет-журнал беттерінде жарияланған. Төлен Әбдіктің алғашқы шығармасы университет қабырғасында көңіліне ұнаған бойжеткенге байланысты жазылған.



Замандастарының айтуынша, сол күнде жас та болса сол әңгімесі өз ортасында біраз талқыланып, жақсы бағаланған. Одан кейінгі жылдары «Көкжиек» (1969 жыл), «Күзгі жапырақ» (1971 ж.), «Ақиқат» (1974 ж.), «Айтылмаған ақиқат» (1979 ж.) әңгіме, повестер жинақтарын, «Өліара» (1985 ж.), «Ақшоқыда қыс қатты» (1987 ж.), «Парасат майданы» (2002 ж.) романдары жарық көрді. Сонымен қатар қаламгердің әңгіме, повестері орыс тілінде «Истина» (1980 ж., 1981 ж.) деген атпен шықты. Грек аңыздары – «Эллада ерлерін» (1977 ж.) қазақ тіліне аударған. «Біз үшеу едік» драмасы Ғабит Мүсірепов атындағы театрда сахналанған.

Жазушы шығармаларында тіс бата бермейтін маңызды тақырыптар – парасат майданы, ақыл мен азап ауруы, тұлғаның екіге жарылуы, кейіпкердің қарапайым адамдарға тән емес науқаспен ауруы, философиялық болмысты іздеу сияқты күрделі, тың дүниелер қозғайды. Модернизмнің жұрнақтары – қазақ әдебиетінде, соның ішінде Т.Әбдіктің шығармаларында қалай көрініс тапқандығы көрінеді.

Жазушыға 2002 жылы жазушыға отандық әдебиетті дамытуға қосқан зор үлесі үшін оған «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

2003 жылы Франц Кафка атындағы халықаралық сыйлығы мен алтын медалі берілді, 2004 жылы «Парасат майданы» повесі үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

2013 жылы Төлен Әбдік «Түркі әлемінің үздік жазушысы» атанды.

Түркияның Эскишехир қаласында өткен «Әдеби журналдар редакторларының VІ құрылтайында» қазақ жазушысы Т.Әбдікке мәртебелі атак салтанатты түрде табыс етілді. Қаламгердің шығармалары түбі бір туыс 13-тен астам елдің тілдеріне аударылып, кеңінен таралды. Сонымен қатар 2013 жылы көрнекті еңбегі үшін «Парасат», 2019 жылы ұлттық әдебиеттің дамуына қосқан үлесі бірінші дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталған.



2023 жылды «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ жазушысы, драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің шығармаларын оқуға ұсынылды. 8«А» кадет сыныптарына бүктеме таратылды.



Құрметті оқырман! Жазушы Төлен Әбдіктің шығармашылық мұрасымен жақынырақ танысқыларыңыз келсе, №28 мектеп-гимназия кітапханасының қорындағы әдебиеттерді алып оқуларыңызға болады. Баршаңызды Төлен Әбдіктің шығармаларын бірге оқуға шақырамыз!



Сонымен қатар, назарларыңызға кітапханамызда «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында өткізілетін іс-шаралар жоспарын ұсынамыз. №28 мектеп-гимназия кітапханасының «Бір ел – бір кітап 2023» акциясы аясында өткізілген іс-шара.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№28 мектеп-гимназиясы» КММ

Қазақстанның еңбек сіңірген Қайраткері

Төлен Әбдікұлы



Бүктеме

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«№28 мектеп-гимназиясы» КММ

**Мағжан Жұмабаевтың
«Мен ақынмын-жалынмын»
арналған кітапханалық сабақ**

Тақырыбы: «Мен ақынмын-жалынмын»



1893-1938

Өткізген : №28 мектеп-гимназия кітапхана
менгерушісі Г. Р. Нурманова

2023 жыл

«Оқуға күштар мектеп»
жобасы аясында
М. Жұмабаев
«Мен ақынмын-жалынмын»
атты танымдық сабағы

Тақырыбы: «Мен ақынмын-жалынмын»

Мақсаты: Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы айту, Әр оқушының ой-қиялына ерік бере отырып, өзінше ой түйуге баулу, шығармашылыққа, мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Оқушының дүниетанымын, сөздік қорын байыту, мәнерлеп оқи білуін дамыту.

Өжетті, жігерлі болуға, туған тілі – қазақ тілін сүйіп, құрметтей білуге тәрбиелеу. Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің мазмұны арқылы оқушыларды өз туған жерінің қорғаны бола білуге, өз ана тілін құрметтеуге, жігерлікке, қайсарлыққа тәрбиелеу.

Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер: Ақпарат беру, түсіндіру, мәнерлеп оқуға баулу, жатқа оқу, талдау, жеке және топтық жұмыс жасау.

Сабақтың көрнекілігі: Ақынның портреті, ақпараттық-кітап көрмесі, нықыл сөздер, бейнеролик, слайдтар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Тақырыпты жариялау.
2. Тақырып бойынша жұмыс істеу.

Оқушы:

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарысың, маған қарсы кім тұрар?

Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,

Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?-

- Балалар, бұл өлең жолдарының авторы кім, қане, есімізге түсірейікші.

- Мағжан Жұмабаев. 1 слайд



-Дұрыс айтасыздар, балалар

- «Қазақтың асыл перзенті, алты алаштың ардақтысы, халқы үшін, елінің болашағы үшін жарқырап жанған, күнге ғана табынған,өзіне ғана бағынған, жүрегі мен жаны от, иманы мен ары от, Мағжан Жұмабаевтың поэзия әлеміндегі сәулесі-мәңгі сөнбес

болды. Өкінішке орай, 1929 жылдан 1938 жылға дейінгі ақынның он жылдық
ғұмырында шығармашылық үнсіздік орнайды. Ақын 1938 жылы халық жауы деген
"үштіктің" шешімімен жазықсыз атылады.

Кітапханашы сөзі.

- Балалар Мағжанның қандай өлеңдерін білесіздер?

-«Қазақ тілі», «Мен жастарға сенемін», «Сорлы қазақ», «Қазағым», «Күз»,
«Сүйемін», «От», т. б.

-Өте жақсы

«Әлемдегі ел өмірі ақ қағаздай байқасаң,
Депті бір қарт ақиқаттың күдіретіне бас иген.

Сол қағазда нақыл сөз бен аты қалған жақсының,
Тауып айтқан сөздеріне адам түгіл тас иген», - деп

Шығыс жұлдызы Әбдірахман Жәми жырлағандай, М. Жұмабаев өлеңдерінің
күдіретіне табынбасқа болмайды. Қазақ поэзиясының жарық жұлдызы Мағжан
Жұмабаевтың қай өлеңін алсақ та, адамның сезімін селт еткізеді.

-Ал, ендеше сөз кезегін өздеріңізге беремін, құрметі оқушылар.

Ортаға оқырмандарды шақырамыз.

1-ші оқырман. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі

2-ші оқырман. Мағжан Жұмабаевтың «Қазағым» өлеңі

3-ші оқырман. Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңі

3. Ақпараттық-кітап көрмесі

(Оқушылардың назарына алдын- ала дайындалған Мағжан Жұмабаев жайлы
ақпараттық-кітап көрмесі ұсынылады)





4.Сабақты бекіту

Топтық жұмыс. Оқушыларды жұлдыздардың түстеріне қарай үш топқа бөліп, «ДОМИНО» ойының ойнаймыз.



«Домино» ойынының шарты бойынша сұрақ жеке парақшаларға жазылады және олардың жауаптары да жеке парақшаларда болады. Жауаптар топтағы барлық оқушыларға бірдей жақсы көрінетіндей үстелдің орта тұсына орналастырылады. Осыдан кейін оқушылар кезекпен сұрақтарды тартып ашады. Үстелдің ортасында жатқан жауаптардың ішінен дұрыс жауапты тауып алып, сұрақты жабады. Осылай сұрақтар біткенше жалғаса береді.

5.Қорытынды

«Ыстық орындық» әдісі арқылы сабақты қорытындылау. Әр топтан бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып, тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді.

6.Сабақтың соңы.

Кітапханашының қорытынды сөзі:

-Иә Мағжан – мәңгілік !

Поэзия сүетін, сол арқылы барша алашты сүйетін азамат үшін М.Жұмабаев мәңгі есте! Солай болған, болды және солай болмақ!

Құрметті оқушылар, осымен біздің бүгінгі сабағымыз аяқталды. Ат салысып, қатысқандарын үшін рахмет.



25.02.2022ж.

Қітапхана сабағы

Тақырыбы: Заман талабына сай латын әріптерінің ерекшеліктері мен құндылықтары. (дөңгелек үстел)

Сынып: 9, 10, 11.

Мақсаты: Латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы туралы терең мағлұмат беру, қоғамдық пікір қалыптастыру.

Қоғамда өздерін көрсете және өз еліне пайдалы бола алатын, Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің құндылықтары мен мұраттары жүйесін иеленетін патриот ұрпақ тәрбиелеу.

Қітапханашы: Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар, әріптестер, қош келдіңіздер!

5 қыркүйек, яғни қазақ әліпбиінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні – Қазақстан халқының Тілдері күні болып бекітілді.

«Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің жаңа белесі» тақырыбы бойынша өтетін дөңгелек үстел барысында осы тек қана тіл мамандарын ғана емес, дүйім жұртты да толғандыратын қазақ әліпбиінің тағдырын сөз етуді жөн көрдік. Дөңгелек үстел барысында пікірлеріңізді ортаға салып, ойларыңызды ашық айтып отыруға шақырамын.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған қазақ әліпбиін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру туралы тұжырымдамасынан кейін ғалымдар, тіл мамандары латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің бірнеше нұсқасын ұсынған болатын. 2017 жылы 26 қазанда Елбасының Жарлығымен латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі бекітілді, ал оған 2018 жылдың 19 ақпанында өзгерістер енгізді. Өздеріңізге белгілі әліпбидің бірінші нұсқасы диграфпен берілді, онда 42 таңбадан құралған 25 әріптік негізде жасалған болатын, ал екіншісі апострофтармен, ал соңғы нұсқасында 32 әріп. Мұнда 6 әріп ақутпен берілген. Ғалымдардың айтуынша ереже жазу барысында кейбір әріптер өзгеріп те қалуы мүмкін дейді, әлі қатып қалған ереже де, әліпби де жоқ. Еліміздің латын әліпбиіне көшуі ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры, байлығы – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы - педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу - сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады.

Ұлтымыздың басынан үш алфавит жүйесін өткергендігін білеміз. Олар: біріншіден — араб әліпбиі (1929 ж. дейін), екінші — латын әліпбиі (1929 - 1940 жж.), үшіншісі — кириллицаға негізделген қазақ әліпбиі (1940жылдардан бүгінге дейінгі қазіргі әліпбиіміз).

Қазақ әліпбиінің өзгеруіне қатысты қоғамда алуан түрлі пікірлер айтылып жатқаны баршаңызға белгілі.

(баяндама)

Әрине, қоғам болғандықтан, көпшілік болған соң әртүрлі пікірлер мен ойлар болады. Соған байланысты бүгінгі «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің жаңа белесі» атты дөңгелек үстелемізде пікір алмасып отырайық.

Кітап оқуға құштар білім ордасы

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы бекітілгенін. Аталмыш жоба кітап оқу арқылы балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға шақырды.

Баланы рухани бай етіп тәрбиелеудің сан түрлі жолдары бар. Сол жолдардың бірі және бірегейі – оларды кітап оқуға дағдыландыру. Әдебиетке деген құлықсыздық пайда болды. Оның себептері қазіргі жаңару мен жаһандану, өсу мен өрбу, даму мен ілгерілеу заманында, ақпараттар мен техниканың қарыштап дамыған заманында күнделікті қолданысқа енген техникалық құралдардың әсерідепбілеміз. Жылдар бойы №28 мектеп-гимназиясында оқуды насихаттауға байланысты көптеген іс-шаралар өткізілуде. Биылғы 2021-2022 оқу жылында келіп түскен көркем әдебиеттермен таныстыру мақсатында жарнамалық бейнеролик, түрлі тақырыптық, мерейтойлық көрмелер қойылды. Мектеп оқырмандары арасында «Буккросинг» акциясы да жиі ұйымдастырылып тұрады.

«Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» челленджі бастау алды. Мектеп оқушылары «Абай Құнанбаев оқулары», «Ыбырай Алтынсарин оқулары», «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» шығармашылығын және оның туындыларын зерделеуді насихаттау мақсатында және басқа да іс-шаралар мектебімізде өткізілуде. Мектебіміздің Instagram әлеуметтік желісіндегі парақшасында өткізіліп жатқан көрмелер, іс-шаралар мен челленждер, әдеби байқаулар туралы ақпарат жарияланып тұрады. Біріміз кітапты ой-өрісті кеңейту үшін оқысақ, біріміз жұмыс барысында ақпарат іздеу үшін пайдаланамыз. Енді бірі кітап оқып, одан рухани азық алады. Қандай себеп болмасын, оқу сауаттылығы дағдыларын дамыту маңызды. Оқу ой-өрістің кеңеюіне, жан-жақты дамуға, ойлау қабілетін жетілдіруге, шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлқындағы жағымды тұстарын бойға сіңіруге көмектеседі, адамды тәрбиелейді және рухани байытады. Кітап оқуға бала кезден баулу керек. Себебі адамның әдебиетке деген махаббаты сол балалық шақтан қалыптасады.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп - оқуға құштар ұлт» жобасында 1-11 сыныптар арасында 20 минуттық «Біз бірге оқимыз» атты акциясы ай сайын жүргізіліп тұрады.

1-4 сынып аралықтарында «**Ғажайып ертегілер, Оқу-зиян емес, оқымаған зиян, балалар әдебиеті, Кел, бірге оқиық!**», 5-11 сыныптар аралықтарында «**Рухани жаңғыру**», «**Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы**», **Заманауи Қазақстан мәдениеті**, **Латын әліпбиіне көшу**, «**Туған жер**», **100 жаңа тұлға**. Ұжымдар арасында да «Оқудан еш қашан жалықпаймыз» атты акциясы жүргізіліп тұрады. Мектебімізде әр МОО пән жетекшілері мен мұғалімдері оқу акциясын ұйымдастырып тұрамыз.

«Менің елім-Қазақстан» атты техперсоналдарымен кітапханаға келіп әр айдың бейсенбісінде акция жүргізіліп отырады.

Сараптама

Қостанай қаласы №28 мектеп-гимназиясы

Ақын, ғалым, публицист, журналист әрі аудармашы

Серікпай Оспанұлымен кездесу

Тақырыбы: Ыбырай мұрасының шырақшысы



Серікпай Оспанұлына балалар сұрақ қою кезінде





Сараптама

Жұмыс түрі: Танымдық сабағы

Тақырыбы: Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы қызықты 20 дерек

Өткізілген күні: 27.04.2023ж

Өткізілген орны: №28 мектеп-гимназия кітапханасы

Қатысқандар: 7 «Ә» сыныбы 25 оқышы

Мақсаты: Жас ұрпақтың бойына ұлы бабамыз Шәкәрімнің өмір жолы мен шығармаларының тарихи мазмұны мен мағынасы туралы білімдерін жетілдіру. Оқушыларға Шәкәрім шығармашылығының табиғатын таныту, Шәкәрім тұлғасын толыққанды қарастыруға күш салу.

Сөз мәдениеті мен сөйлеу мәдениетін, шешендік өнерге деген құштарлық, поэзия сөйлеу мәдениетін, шешендік өнерге деген құштарлық, поэзияға деген қызығушылықтарын ояту.

Оқушылар дүниетанымын кеңейту. Кітапты сүйіп оқуға баулу.

Оқушыларды ұлтжандылық рухқа, ізгілік пен өз бетінше ізденуге баулу.

Отанына адал еңбек ететін жаупкершілігі мол азамат тәрбиелеу.

Кіріспе сөз:

Биыл ақын, аудармашы, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына – 160 жыл толады. Шәкәрім Құдайбердіұлы - Абайдай ұлы ұстаздан тәлім-тәрбие алған, қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан қазақ ғұламасы.

Осы орайда ұлы ақынның атаулы жылы қарсаңына орай, портал оқырмандарына Шәкәрім Құдайбердіұлы өмірінен қызықты деректер мен мәліметтер ұсынамыз.

Шәкәрім Құдайбердіұлы — қазақтың ұлы данышпан ойшылы. Қазақ философиясында ар, ұят, ынсап, қайғы мәселелерін философиялық логикада тұңғыш рет қарастырған ойшыл. Өз философиясында ақыл-ой, ұждан мәселелерін анықтаған. Ұждан дегеніміз — ынсап, мейірім, әділет. Бұл екі өміргеде керек іс. Жанға азық болатын құндылық. Ақыл-ойдың жиырма сегіз түрін көрсеткен. Соның ішінде сау ақыл деп соған ерекше тоқталған философ. Адамды басқа тірі жандылардан өзгешелендіретін оның ақыл-ойы емес пе, Шәкәрім өз философиясында дүниені танушы, адамды адамдық негізге жетелейтін, ең негізгі қасиеті ретінде ақыл-ойды қарастырған. Оның дүниетанымы көбіне мораль философиясына жақын. Шәкәрімнің дүниетанымы көбіне мораль философиясы мен ар ілімін қамтиды.

Қортынды: Балаларға Шәкәрім Құдайбердіұлы өмірінен қызықты деректер мен мәліметтер ұсынылды. Іс-шарала балалардың көңілдерінен шықты сұрақ –жауаптар қойылды, таным сабағы өте қызықты өтті.

Instagram: <https://www.instagram.com/p/ CrudMQhKfT7/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
өткізілген іс-шара
Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы қызықты
20 дерек



Биыл ақын, аудармашы, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына – 160 жыл толады. Шәкәрім Құдайбердіұлы - Абайдай ұлы ұстаздан тәлім-тәрбие алған, қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан қазақ ғұламасы.

Осы орайда ұлы ақынның атаулы жылы қарсаңына орай, портал оқырмандарына Шәкәрім Құдайбердіұлы өмірінен қызықты деректер мен мәліметтер ұсынамыз.



Сараптама

Күні: 29.11.2022

Тақырыбы: «Әжемнің ертегісі» іс-шара

Өткізілген орны: Мектеп кітапханасы

Қатысқандар: 3 «Ә», 4 «Ә» сыныптар оқушылары, Рузия әжей

Мақсаты: Ертегі оқу арқылы балардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіртіп, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне қорытынды жасай отырып, балаларды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу. Балалардың дүниетанымын байыту, қоғамдық өмір туралы ұғымдарын кеңейту.

№28 мектеп-гимназиясында 2022 жылдың 29 қарашасында мектеп кітапханашысы Г Рахымбековна және бастауыш сынып мұғалімдері Л. Аскаровна, Г. Торьяевна ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасы аясында мектеп кітапханасында «Әжемнің ертегісі» атты іс-шара өтілді. 3 «Ә», 4 «Ә» сынып оқушыларына Рузия қарт әже ертегі оқып берді. Балалардың ертегі білуге құмарлығы зор.



Сараптама

Тақырыбы: "Ахмет Байтұрсынұлы- зиялылар көсемі " атты кітап көрмесі

Өткізілген орны: мектеп кітапханасы

Қатысқандар: 2 сынып оқушылары

Мақсаты: Оқырмандарға Алаш зиялысы, көрнекті тұлға, ағартушы,ғалым, педагог Ахмет Байтұрсынұлының әдеби мұрасымен еңбектерін насихаттау.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай "Ахмет Байтұрсынұлы-зиялылар көсемі " атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар мен оқырмандарға ақын-аудармашының өмір жолы, қызметі мен қазақ тіліне қосқан орасан зор еңбегі туралы мәліметтер берілді.



"Ахмет Байтұрсынұлы- зиялылар көсемі " атты кітап көрмесі келесі материалдарды ұсынады: энциклопедиялар, өмірбаяндық анықтамалықтар, көркем әдебиет және ағартушы туралы әдебиеттер.



Кітап көрмесінің мақсаты - ұлы қайраткердің еңбектерін жан-жақты насихаттау мен оқырмандарды А. Байтұрсынұлының әдеби мұрасымен таныстыру. Іс-шара өткізген жауапты маман мектеп кітапханашы.

09.09.2022ж

Тақырыбы: Ыбырай Алтынсарин «Кел, балалар оқылық» Оқушыларға кітапхананы пайдалану ережесі туралы түсінік беру. Кітапханаға саяхат.

Мақсаты: Баланы кітап оқуға деген ықыласын арттыру жолдары, олардың оқу барысында логикалық ойлануын қалыптастыру, сол оқыған кітабын қиялдау, сол кітап жайлы баланың мәдени сөйлеуін дамыту.



Оқырман –шәкірт, кітапханашы-ұстаз болып өмір сүруінің осының айғағы. Оқырманның ақпараттық іздеу қабілетін жаттықтыру баланың кітапханаға келген негізгі мақсатына – оқу барысында тұлғаның шығармашылық жағынан қалыптасуына нұқсан келтірілмеуіне кітапхана ат салысуы қажет. Балалар кітапханалары функцияларының негізгілерінің бірі – білім берушілік. Оны былайша сипаттауға болады:

- біріншіден, жалпылық және мектептік, өйткені, оқу, онсыз қоғамда өмір сүру алмайтын және барлығына дерлік қажетті әлеуметтік қабілеттер қатарына жатады;
- екіншіден, базалық ретінде, себебі, оқырмандық қызмет, басқа қызмет түрлерінің-танымдық, білімдік, еңбектік, т.б. негізінде жатады;
- үшіншіден, өзгермейтін ретінде, әйтпесе ұрпақ ауысымы шексіз және білім мен тәжірибе үлестіру процесі мәңгілік жүрер еді.



«Бір кітап - бір отбасы» 1-4 сыныптар арасында ата-аналармен бірге кітап

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханашысы ұйымдастыруымен «Бір отбасы - бір кітап» іс-шарасы өткізілді. Іс-шара барысында 2-4 сынып оқушылары қатысты. Ата-аналармен бірге кітап оқу марафоны. Өскелең ұрпақты оқу мәдениетіне тәрбиелеу және балалардың оқу мәселесін шешу, ата-аналарды кітап оқуға тарту, отбасылық құндылықтармен отбасы беделін көтеру мақсатында Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапхана ұжымының ұйымдастыруымен «Бір кітап - бір отбасы» тақырыбында 2-4 сыныптар арасында ата-аналармен бірге кітап оқу марафоны өтуде.



«Мұхтар Омарханұлы Әуезов –125 жыл» әдеби вернисаж, 8-10 сыныптар

Мақсаты: Мұхтар Әуезовтің өмір жолы шығармашылық қызметі жайлы мағлұмат бере отырып, жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жетілдіру.

М.О.Әуезовтің қаламынан туындаған көркем әдебиет туындылары жайлы білімдерін қалыптастыру; Әлемге әйгілі, біртуар жазушы, ғасырлық туындының иесі

М.О.Әуезовтің шығармашылығын дәріптей отырып, оқушыларды елін, жерін сүйуге, алдыңғы буын әдебиет өкілдерін құрметтеп, олардың шығармашылығын терең меңгеріп, ұлттың қамын жейтугын, отансүйгіші, ұлтжанды тұлға қалыптастыру барысында, үлкенге құрмет, кішіге ізет ете білуге тәрбиелеу;

Оқушыларды өзіндік ізденіс жұмыстарына баулу, ой-өрісін, рухани жан дүниесін байыту. Ойын ашық әрі еркін жеткізе білуге дағдыландыру. Өзіндік ой-пікірін қалыптастыру, сөздік қорын молайту, көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, қара сөзге деген көзқарасын дамыту.

Мұхтар Әуезов

ҚОҒАМ

қайреткері,

педагог,

жазушы,

аудармашы



Бүгінгі күні жеке тұлғаны жан-жақты тәрбиелеудегі әдебиеттегі қазақ ақын-жазушыларының өмірбаянының мәні мен мағынасы зор. Дәл қазіргі уақытта қаламгерлеріміздің өмірбаяны толық зерттелген. Бүгінгі кітапханада қаламгер жазушының туған күніне орай 8-10 сыныптар арасында өткізіліп отыр, талқыланып тақырыптар ақынның өмірі мен шығармашылығына арналады.



«Кітапхана және кітап оқу» тақырыбында ата-аналарды кітап, газет журнал оқуға шақыру .

Әрбір ата-ана өз перзентіне ең жақсыны қалайды. Бала өмірде жетістікке қол жеткізу үшін сауатты, білімді болып өсуі шарт, яғни ақпаратқа толы мына әлемде өз-өзіне сенімді болуы қажет, өзін еркін сезінуі керек. Алайда баланың кітап оқуға құмарлығын, үнемі ізденісте болуын, жаңа білім алуға талпынуы мен дұрыс ақпаратты таңдауын, қоғамда баланың теріс ағымның ықпалына түсіп қалмауын, жеке ойының болуы мен дұрыс құндылықтар жүйесінің болуын қалай қалыптастыра аламыз? Бұл сұрақтардың бір ғана жауабы бар: баланы кітап оқуға көбірек баулу және ең бастысы балаларға кітапты сүйеге көмектесу керек.



Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы. Шығыс ойшылы Науаи: «Кітап – ақылна ақы сұрамайтын алтын қазына» десе, Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп насихаттайды. Мағыналы сөздерден кітап оқудың кез келген тұлғаны дамытудың қайнар көзіне кенін түсінесің. №28 мектеп-гимназиясының оқушылары ата-аналары мен кітапханаға келіп кітап оқуды әдетке айналдырды. Бұл көрсеткіш «Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасын күшейтуде.

Роза Бағланова – 100 жыл тақырыбында ақпараттық көрме ұйымдастыру 7 сынып

Қазақ ән өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан Роза Бағлановаға биыл 100 жыл толып отыр. Әнші, КСРО және Қазақстанның Халық әртісі, Халық қаһарманы Роза Бағланова 1922 жылы 1 қаңтарда Қызылорда облысы Қазалы ауданында теміржолшылар отбасында дүниеге келген.



Роза Бағланова **1922-2011**

**Әйгілі қазақ әншісі,
бұрынғы КСРО халық әртісі,
Халық қаһарманы**

- 1922 жылы Қызылорда облысында туған
- Шығармашылық жолы Ұлы Отан соғысы жылдары басталды және 1945 жылы 9 мамырда Берлиндегі жеңіс концертіне қатысқан
- Гастрольдік сапарға шығарда міндетті түрде баратын өлінің тіліндегі әнді үйренген

1941 жылы Қызылорда педагогикалық институтын бітірген. Оның шығармашылық жолы Ұлы Отан соғысы жылдары басталды. Өнер жолын Ташкент филармониясының ән-би ансамбліне әнші болып бастаған. Сол ансамбльмен ІІ-дүниежүзілік соғыс жылдары майдан даласында өнер көрсетіп, жаралыларға жігер беріп, зұлым жауға қарса аттанатын ерлерге қуат берген. Оның орындауындағы "Кестелі орамал", "Ах, Самара, городок" әндері ел арасында ерекше танымал болды.



Сараптама

Қостанай қаласы №28 мектеп-гмназиясы Ы. Алтынсарин
«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш».

Мақсаты: Қазақтың көрнекті ағартушысы Ы. Алтынсариннің шығармалары туралы тереңірек танысып, әңгіменің тақырыбы мен жазушының идеялық мұратын мәтінге сүйене отырып ашу.



Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?
- Көремін, өрмек тоқып жүр.
- Анау құмырсқаны көремісің?
- Көремін, аузында бір нанның уалшығы бар, жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары кара, аспанда не көрінеді?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар.



Сонда атасы айтты:

Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер
саған әбірет! Өрмекші маса,
шыбынға тұзақ
құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге.

Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап,
бір нанның уалшығын тапқан соң өзі жемей,
аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп
қайтып барады.



Қарлығаш балапандарына ұя істеуге
шөп жиып жүр



Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ.
Сені де Құдай-Тағала бос жүруге жаратпаған,
жұмыс істеуге әдеттену керек, — деді.

Осы қойылымды театрлық мектеп
оқушылары көрсетті



«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің 28 мектеп-гимназиясы» ММ

Кітапханамен Танысу



Кітапханалық сабақ
1 сынып

Кітапханашы: Нурманова Г. Р.

- Отан деген не? Қалай түсінесіңдер?(Отан деген менің үйім,туған жерім. Менің жүрегім Отан деп соғады.)

Отан деген –Атамекен,

Отан деген – Туған жер.

Отан – ана, Отан –үлкен,

Қазақстан – туған ел.



Ана тілің арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте,
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тіліңді құрметте.

III. Қорытынды.

-Балалар, сендер отан туралы жан – жакты білетіндеріңді көрсеттіңдер.Енді Отан туралы мақал-мәтел айтайық.

Отан – отанда ыстық.

Отан – елдің анасы,

Ел – ердің анасы.

Туған елдей ел болмас,


Туған жердей жер болмас.

- Міне, балалар, өміріміздің жалғасы,еліміздің қорғаны, тірегі болыңдар.

Абай ағамыз айтқандай «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта ,бар қалан» деп, бүгінгі бүлдіршін балаларымыз сендер қоғамымызға кірпіш болып қалана берсін деген тілекпен тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Буккроссинг


(ағылшын тілінде «кітаптың айналыста жүруі) – «өзің оқысан, өзгеге табыс ет» қағидасына негізделген хобби мен адам және кітап арасын жақындататын, кітап оқуға шақыратын қоғамдық қозғалыстардың бірі. Мекиептің бірінші қабатында буккроссинг бұрышы бар, кез-келген адам өзі оқып бітірген бір кітабын қоғамдық көпшілік орындарда (саябақ, кафе, кітапхана және т.б.) қойып кете алады, кейін бұл кітапты тауып алған басқа адам оқиды, оқып болған соң, ол да сол кітапты орнына тастап кетеді, дәл осылай ол кітапты басқа оқырман оқи алады. Бұл қоғамдық қозғалысқа қатысушыларды – «буккроссерлер» деп атайды.



Буккроссинг – бір кітапхана



БУККРОССИНГ
«ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ»



Өзің оқыған электронды немесе ағалы кітапты таңда



Кітапты оқы



ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ
қытаптың қойылып, оқылған кітабын
туралы пост жаз



Сараптама

Мақсаты: Қазақ поэзиясында өзіндік орны бар Мұхтар Шахановтың өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат бере отырып, жырларының құдіретін сезіну, тіл шұрайын таныту, тарихи шындықты, сөз өнерімен өрнектелген әсемдікті түйсіне білуге баулу; Адамгершілік, рухани қасиеттерді оқушылар бойына сіңіру, отансүйгіштік сезімдерін шыңдау;



Мұхтар Шахановтың «Эверестке шығу» кітабынан өлеңдер оқу.

Видео чөлденжікте қатысуға

9-11 сынып оқушыларын шақырамыз!!!



«Кітапханаға кітап сыйла»

акциясы



14-18 ақпан

Ұлдар мен қыздар

Олардың ата-аналары!

Сіздерді қатысуға шақырамыз

қайырымдылық шарасында

«Кітапханаға кітап сыйлаңыз»

Акция 14-18 ақпан аралығында өтеді.

Бұл мерекенің мақсаты - карапайым және мейірімге толы, барлық адамзатты кітап оқуға шақыратын ерекше мейрам. Мерекенің кағидаcы оонынша осы күні балаларға көбірек кітап сыйлаған абзал. Сол арқылы жас ұрпақтың кітап оқуға деген ынтасын арттыруға болады.

Балаларға көбірек оқуға рұқсат етіңіздер!

«Ежелден бері кітап адамды тәрбиелеген!»

«Кітапханаға кітап сыйла» акция

14-18 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні аясында №28 мектеп-гимназиясында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында әр түрлі жанрдағы, алуан тақырыпта 25-ке жуық кітаптар қабылданды. Оқырман сыйлаған кітап ортақ қазынамызды толықтырып, әр оқырманға қолжетімді болады. 2 «А», 2 «Ә», 3 «Э», 7 «Ә», 8 «А» және де мектеп ұжымдары да, бұл акцияға қатысты.


Сыйға тартқан әрбір басылым – маңызды, өйткені ол сол кітаптың ғұмырын созуға, кітап сүйер қауымның рухани байлығын арттырып, дүниетанымын кеңейтуге септігін тигізеді.

Сонымен қатар 2022 жыл балалар жылына орай облыста балалар мен жасөспірімдердің кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға тарту, кітап оқуды насихаттау және «Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасын жүзеге асыру бағытындағы 2021-2025 жылдарға арналған облыстық іс-шаралар жоспары бекітілген.

КІТАП - ЗАМАНАЛАР ТОЛҚЫНЫНДА ТЕРБЕЛІП, ҚЫМБАТ ҚАЗЫНАСЫН ҰРПАҚТАН-ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ОЙ КЕМЕСІ.

БІЛІМ КӨКЖИЕГҢІЗ КЕҢЕЙІП, ОЙЫҢЫЗ ОЗЫҚ БОЛСЫН ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАН!





**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
1 наурыз Алғыс айту күніне орай
«Алғыс айту парызым»
тақырыбында өткізілетін іс-шара**

Қостанай 2023 жыл

Тақырыбы: Мың алғыс баршаңызға


Өткізілетін күні: 01.03.2023жыл

Сынып: 6 «А» кадет сыныбы 24 оқушы қатысты

Мақсаты: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 1 наурыз алғыс айту күніне байланысты, оқушылардың «сыйластық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру; үлкен – кішіге деген сүйіспеншілігін, сypайылық қарым-қатынасын дамыту; әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу; бір-біріне деген қарым-қатынастарын нығайту.

Көрнекілігі: слайдтар, видеоролик, стикерлер, плакаттар, таратпалар және т.б.

Алғыс айту күніне орай мектеп кітапханасында «Мың алғыс баршаңызға» атты кітап көрмесі, іс-шара ұйымдастырылды



Жылы сөздер мен тілектер үшін шын жүректен алғыс айтқым келеді! Менің қарапайым мекен-жайыма келген барлық жылы тілектеріңіз мың есе көбейсін! Құдай сізге армандайтын барлық нәрсені берсін. Оқушылар жылы лебіздерін танытты. «Жалғастыр» оқушыларға сұрақ қойылады, оқушылар жылы лебіздерімен сөздерді толықтырады.

**«Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт»
жобасы аясында наурыз мерекесіне
4-8 сыныптар арасында
жүргізілген іс-шара**

Күні: 16.03.2023ж

Тақырыбы: «Қош келдің, әз Наурыз!»

Максаты: Оқушыларға халқымыздың мейрамдарының бірі – Наурыз туралы түсінік беру. Оқушыларды ұлтжандылыққа, ана тілін құрметтеуге, халқымыздың ұлттық мерекелерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: танымдық сағаты.

Көрнекілігі: Көрме, нақыл сөздер, ұлттық киімдер.

Кітапханашы: Ежелгі заманнан бері шығыс халықтары Наурыз мерекесін тойлап келеді. Шығыс күнтізбесі бойынша жыл басы болып саналатын Наурыз күн мен түн теңелетін 22 наурызға, жер бетін тіршілік біліне бастайтын мезгілмен тұтас келетін мереке. 21 наурыз даланы халқымыздың діни түсінігі бойынша Қыдыр ата аралайды. Сондықтан әр отбасына дәулет дарып, бақ қонсын деген түсінікпен есіктерін ашып қойған. Наурыз негізінен адамдардың көрісуімен басталады.

Жақындатып өткенге, кеткенге енді,

Көктем келді, балбырап, көктем келді.

Суық сорған жаныма шуақ қонған,

Осы еді ғой күткенім көптен бергі,

дей келе, бүгінгі Наурыз мерекесіне арналған танымдық сағатымызды бастаймыз.

Аластау рәсімі: Әжеміз наурыз мейрамына аластау рәсімін жасады.

I. Ән «Наурыз айы» Дильназ:

Осынау игі кең жерге,

Наурыз айы келгенде.

Арманда оны көрген де,

Көрмегендер де арманда,

Наурыз айы келгенде.

Қайырмасы:

Наурыз айы туғанда,

Той болушы еді бұл маңда.

Сақталушы еді сыбаға

Сапарға кеткен ұлдарға,

Наурыз айы туғанда.

Монтаж:

Ерасыл:

Ежелгі шығыс еліміз,

Аңсаған арман, ойы бар.

Тарқайтын шары жерінің

Дәстүрлі Наурыз тойы бар.

Мансұр:

Кеңінен елге таралған,

**«Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасы аясында
наурыз мерекесіне ұжыммен жүргізілген іс-шара**

Күні: 20.03.2023ж

Тақырыбы: «Қош келдің, әз Наурыз!»

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге: Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Жүргізуші: Нурманова Г.Р.

Қайырлы күн, мейрамға жиналған барша қауым. Бәріміздің көптен күткен Наурыз мерекесі келіп қалды. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Бүгінгі Ұлыстың ұлы күні – ата - баба сөзімен айтқанда ақ түйенің қарны жарылған күн. Наурыз мейрамы - бұл көктем мен еңбектің мерекесі, күн мен түн тенесетін күн. Бұл мейрам 22 наурыздан 19 сәуірге дейін тойланатын ұзақ мейрам. Көктем мен жаңа күн мерекесі барлықтарыңызға құтты болсын!

Елім менен жеріме,
Ырысын шашқан **Наурыз**.
Күлімдеген көктемге,
Шуағын шашқан наурыз.
Жеті түрлі дән салып,
Дәм татқызған наурыз.
Жақсылық тілеп халыққа,
Молшылық әкелсін наурыз.

Уа, ағайын халайық,
Мұнда назар салайық!
Мерекесі халықтың
Наурыз тойын бастайық!



Ұлыстың ұлы күні мектебімізде әріптестермен қыз ұзату, рiсiмi көрсетiлдi

Қыз ұзату

«Қыз ұзату» (салт, той).
 «Ұлын ұяға, ақсын қызға қондыру» ита ишанын тілегі әрі парызы. Соның ішінде қыз ұзату үлкен той, дұшпан әрі қасмақ. Біз күні ита ише құиысы, әрі жылыды. Құжатыны қыз өспiрi және оны құтты жерiне қондыруы, жылытаты әрiне қоныстық қонды.







(Көрме суреттер сөйлейді)

- Оқушылар қазір біз Абай атаның
 - кітап туралы айтқан нақыл сөзін
 - табуымыз керек?
- «Бұл не деген жұмбақ?» ойыны
Сол жақтағы дауыссыз
дыбыстардың ортасына не алдына,
соңына оң жақтағы дауысты
дыбыстарды қосып оқыңдар.
Сонда бір нақыл сөз оқи аласыңдар.



**«Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт»
жобасы аясында
1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күні
мерекесіне орай кітап көрмесі
ұйымдастырылды.**

Күні: 26.04.2023ж

Тақырыбы: «Татулық-достықтың киелі бесігі»

Мақсаты: оқушыларды ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу. Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің Қазақстан халқына деген сыйластығын қалыптастыру, ұлттық қарым-қатынасын, халықтар достығын нығайтуға тәрбиелеу

Түрі: Танымдық сабақ

Қатысқандар: 3-6 сыныптар

Барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Кітапханашының кіріспе сөзі
3. 1 мамыр мерекесі туралы мәлімет беру
4. Оқушылардың дайындаған әдеби - музыкалық монтажы
5. Қорытынды

«Көп ұлтты болуымыз – біздің байлығымыз, мақтанышымыз...»

Тату елге тыныштық орнайды, бейбіт елде ғана береке болады...»

Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВ

Кіріспе сөз

«Бірлік – берекеге, береке – мерекеге жеткізеді», - деп дана халқымыз айтқандай, алдымызда

1- мамыр мерекесі келе жатыр. Міне, тәуелсіз Қазақстан халқы кезекті Бірлік мерекесін тойламақ. 1 - мамыр бұрындары халықаралық ынтымақ күні ретінде мерекеленсе, қазір елімізде өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың татулығы мен достығы күні ретінде аталады.


Ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. "Бірлік бар жерде - тірлік бар" дейді біздің халық. Дана жұрт мұны тегіннен-тегін айта салмаса керек. Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымаққа тұрмыс кешіп отырған ел тұрғындары үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүрі, асыға күтер мейрамы.

Бұл күн - әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен жалпы ұлттық келісімнің мерекесі. Халық бірлігі мерекесі күні ел азаматтары ұлт пен ұлыстың өткен кезеңдегі тарихы мен оның сабақтарын дәріптеп, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған қазақстандық татулық пен келісімді паш етеді.





3«А», 3«Ә», 4«А», 4«Ә» сыныптар өздерінің дайындаған өлең такпақтарын айтып өнерлерін көрсетті.



№28 мектеп-гимназия кітапханасында
«Оқуға күштар мектеп, оқуға күштар ұлт»
жобасы аясында


1 мамыр – Ынтымақ күні.

Отан қорғаушылар күні

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне
іс-шаралар жоспары

№ р/с	Іс-шара тақырыптары	Өтетін орны мен күні	Сыныптар	Жауапты
1	1 мамыр – Ынтымақ күні. «Татулық - достықтың киелі бесігі» кітап көрмесі	28 сәуір мектеп кітапханасы	5«А» 5«Ә»	Кітапханашы Нурманова Г. Р.
2	Отан қорғаушылар күні «Ер жігіт-ел қорғаны» кітап көрмесі	03 мамыр мектеп кітапханасы	1«А» 1«Ә» 1«Б»	Кітапханашы Нурманова Г. Р.
3	Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне «Желбіре, Жеңіс жалауы», «Бағыр Мәншүк 100 жаста!» кітап көрмесі	05 мамыр мектеп кітапханасы	4«А» 4«Ә»	Кітапханашы Нурманова Г. Р.

Кітапхана меңгерушісі:



Нурманова Г. Р.

**«Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында
өткізілген іс-шара
Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне
«Желбіре, Жеңіс жалауы», «Батыр Мәншүк 100 жаста!»
кітап көрмесі**

Сараптама

Жұмыс түрі: Танымдық сабағы

Тақырыбы: «Желбіре, Жеңіс жалауы», «Батыр Мәншүк 100 жаста!»
кітап көрмесі

Өткізілген күні: 05.05.2023ж

Өткізілген орны: №28 мектеп-гимназия кітапханасы

Қатысқандар: 7-11 «А» сыныптар 25 оқышылары

Мақсаты: Аттары аңызға айналып, ерлік ісі барша ұлтты таң қалдырып, есімі тарих беттерінде алтын әріппен өрнектелген ерліктің мәңгі алауын жаққан қазақтың қызы Мәншүк Мәметова жарқын өмірі және Ұлы Отан соғысындағы ерлік істерін ұрпаққа үлгі етіп, өнеге ету. Оқушыларды қазақтың қос аруы, шынары жұлдызы болған Әлия мен Мәншүк есімдерін қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.

Кіріспе сөз:

сынып оқушыларымен бірге өткізілген «Батыр Мәншүк-100 жаста» атты сынып сағаты өткізілді.

Биыл қазақтың даңқты қызы Мәншүк Мәметованың туғанына 100 жыл толды. Қаһарман қазақ қызы - Кеңес Одағының Батыры (1944). Анасы еркелетіп Моншағым дей бергеннен Мәнсияның тілі келмей өзін Мәншүк деп кеткен.

Қазақтың қаһарман қызы сол кездегі Орал облысы Бөкей Орда ауданының Жасқұс ауылында туған. Отбасындағы бесінші бала. Ата-анасы дүние салғаннан кейін, оны Алматыдағы әпкесі қолына алады. Мәншүк Мәметова орта мектепте, Алматы медициналық институтында оқыды.

Шығыстың қос шынары...



Отанның көргенде біздің батыр әжелеріміз Шығыс жұлдыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты.

Сонымен бірге, ол Қазақ КСР Халық Комиссарлары кеңесінің хатшылығында жұмыс істеді.

1942 жылы Алматы медициналық институтының екі курсы тәмамдап, өз еркімен майданға аттанады. Сол жылдың тамызында қазақтың батыр қызы Қызыл Әскер қатарына алынып, бастапқыда құжаттарды толтыратын қызметкер, кейін далалық аурухана медбикесі болады.

Ол бос уақытында «Максим» пулеметінің құрылымын, жұмыс принципін зерттеумен айналысады. Осыдан соң өзін атқыштар бөліміне ауыстыруын өтініп, рұқсат алады. 1943 жылы 15 қазанда халқымыздың қаһарман қызы Калинин фронты әскерлерінің құрамында Псков облысының Невель қаласын азат ету шайқасына қатысқан. Гвардия аға сержанты, пулеметші Мәншүк Мәметова осы ұрыстарда өзінің мергендігімен, батылдығымен көзге түседі. Невель қаласын азат ету операциясы барысында ол басынан ауыр жарақат алғанына қарамастан, жаудың 70 сарбазын жер жастандырып, ерлікпен қаза тапты. Қазақтың батыр қызы Невель қаласында жерленген. Оған қайтыс болғаннан кейін 1944 жылғы 1 наурыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Биыл батырдың 100 жылдығы қарсаңында Орал халықаралық әуежайына Мәншүк Мәметованың есімі берілді.

Аты аңызға айналған батыр қыздың ерлігі жас ұрпаққа ұран болып кәсірленіп, есімі мәңгі сақталады.

